КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

1. Өз ата-анасын және ересектерін құрметтей алады, отбасы алдындағы жауапкершілігін қабылдайды және түсінеді, «Шаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасылық игілікті бағалайды.

2. Өзінің отбасындағы және мектептегі іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өзіне алады, өз сөзіне, ісіне адал, кішілерді қолдайды, үлкендерді құрметтейді, ар-намыс пен қадір-қасиетті сақтайды, адал еңбегін жоғары бағалайды.

3. Отансүйгіштік танытады, белсенді азаматтық ұстанымы, ізгілігі бар, өз халқына адал қызмет етуді, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қорғауды өз борышы деп санайды, дәстүрлерді біледі және оларды сақтайды.

4. Ой мен дененің тазалығын, салауатты өмір салты мәдениетін, жан дүниесінің үйлесімділігін қолдайды.

5. Өз үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаны таза ұстауға ұмтылады, табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарайды, туған өлкесінің қайталанбас қасиеттерін мойындайды және құрметтейді, ұлттық мәдениетті құрметтейді.

ТӘРБИЕНІҢ ТҮЙІНДІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

Тәрбиелеу құндылықтары	*Негізгі индикаторлар*	*Күтілетін нәтижелер*
Ұлттық мүдде/ Национальны	✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға қатысу; ✓ Қазақстанның ұлттық мүдделеріне қызмет етуге дайындығы; ✓ қоғам игілігі үшін қызмет ету; ✓ - қазақстандық имиджді қалыптастыруға белсенді ықпал	✓ патриот, өз Отаны үшін мақтаныш сезімі; ✓ мемлекеттік рәміздерді құрметтейді; елдің тарихын бағалайды;